

Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №5

06.10.2025 ж.

Атырау облысы Қызылқоға ауданы
Жасқайрат ауылы, Т.Қайырбаев №2

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің
«Ш.Т.Еркін атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 6 қазан №1403 санды хатына сай, күз мезгілінде Көкшетау қаласында орналасқан «Балдәурен» лагеріне демалуға баратын оқушыларды анықтау.

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы А. Жұмағалиев: - Аудандық білім бөлімінен келген қатынас қағаз бойынша Көкшетау қаласында орналасқан «Көк Төбе» лагеріне демалуға 2025 жылы 19 қазан – 7 қараша аралығында демалуға баратын оқушыны анықтау керек екендігін және бұған дарынды, жетістігі бар білім алушыны жіберу керек екендігін айтып өтті.

Сөйлеушілер:


1. О.Жұмашева – қамқоршылық кеңес мүшесі: Күзгі демалыс уақытында балалардың уақытын тиімді пайдалану өте маңызды. Осы орайда Көкшетау қаласындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру лагеріне, мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың жүлдегері 7 сынып оқушысы Мақсот Нұршуақ Ерғанатқызын жіберуді ұсынамын. Ауылдық жер болғасын барлығымыз бір-бірімізді білеміз, отбасылық жағынан толық емес отбасылардың қатарынан. Баланың бір уақыт лагерьге барып демалып, жаңа достар тауып, шығармашылық жұмыстармен айналысып, жақсы көңіл күймен барып келгені жақсы болар еді.

2. Н.Қабиев - қамқоршылық кеңес мүшесі: - Мен де осы ұсынысты қолдаймын. «Балдәурен» оқу-сауықтыру лагерінің барып-келу жол шығыны ата-ананың есебінен болғандықтан, ата-анасы қарсылық білдірмесе, мен дарынды, жетістіктері бар, оқу озаты Мақсот Нұршуақтың лагерьге барып демалып келгенін қолдаймын. Табиғатың көркем жерлерді көру – әр баланы арманы.

Қаулы:


1. Аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 6 қазан №1403 санды хатына сай, күз мезгілінде Көкшетау қаласында орналасқан «Балдәурен» лагеріне демалуға баратын дарынды оқушы 7 сынып оқушысы Мақсот Нұршуақ Нұрғанатқызы демалуға жіберілсін.

2. Орталықтан жолданған құжаттарды ата-ана мен баланың толтыруын ұйымдастыру әлеуметтік педагог А.Амантайқызы міндеттелінсін.

Комиссия төрағасы: А.Жұмағалиев  Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Комиссия мүшелері:

Инаева Сәуле



«Шалқыма» мәдениет үйінің әдіскері,
қамқоршылық кеңестің мүшесі

Жұмашева Орынгүл




Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің
мүшесі

Жаңабаев Құрманбек




«Құрман» шаруа қожалығының төрағасы,
қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Қабиев Нұрбек



Учаскелік полиция қызметкері,
қамқоршылық кеңес мүшесі

А.Амантайқызы



Кеңес хатшысы